

Автожол саласындағы сапаны арттырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1305 Қаулысы

Жол-құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі - мекемелер) құрылсын.

2. Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу мекемелер қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген **т ә р т і п п е н** :

1) мекемелердің жарғыларын бекітсін және әділет органдарында олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен;

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339

Қ а у л ы с ы м е н) .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

5. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1305 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
министрлігінің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті
мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

Р/с N	Атауы	Орналасқан жері
1	"Ақмолажолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Көкшетау қаласы
2	"Ақтөбежолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Ақтөбе қаласы

3	"Алматыжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Талдықорған қаласы
4	"Атыраужолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Атырау қаласы
5	"Батысжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Орал қаласы
6	"Жамбылжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Тараз қаласы
7	"Шығысжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Өскемен қаласы
8	"Қарағандыжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды қаласы
9	"Қызылордажолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Қызылорда қаласы
10	"Қостанайжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Қостанай қаласы
11	"Маңғыстаужолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Ақтау қаласы
12	"Павлодаржолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы
13	"Солтүстікжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Петропавл қаласы
14	"Оңтүстікжолзертханасы" мемлекеттік мекемесі	Шымкент қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК